

«Жас дәурен» бөбекжай- бақшасы»

Ұйымдастырылған іс-әрекет:

«Пішіндер»

«Балапан» кіші тобы

Өткізген тәрбиеші: Г. И. Мырзағалиева.

2024-2025 жыл

Мақсаты:

**Балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін
қалыптастыра отырып, балалардың
логикалық ойлау қабілеттерін ойын арқылы дамыту.**

***Тәрбиеші:** Балалар, бүгінгі көңіл күйлерің қалай?*

Балалардың жауабы.

-Балалар, бізге қонақ келген сияқты.Қарсы алайық.

-Балалар, бізге ақ қоян қонаққа келіпті.Қоянның қолында нелер бар екен? –

Түрлі-түсті шарлар.

Шарларға сипаттама беру.

-Шарлардың пішіні қандай?

-Домалақ.

-Түстері қандай?

-Әр шардың тапсырмалары бар екен, балалар.Олай болса тапсырмаларды орындаймыз ба?

Сары түсті шардың тапсырмасы:

«Пішіндердің түрлерін білесің бе?»

Пішіндер қонаққа келеді.

Пішіндер туралы түсіндіру.

Көк шардың тапсырмасы:

Ойын «Пішіндерді дұрыс орналастыр»

Ойын ойналады.

Сары шардың тапсырмасы:

«Оюлардан төртбұрыш, үшбұрыш пішіндерін құрастыр»

Үстел үсті ойыны ойналады.

Қызыл шардың тапсырмасы:

Ойын: **«Кім жылдам табады?»**

Пішіндерді түсіне қарай орналастыру керек.

-Балалар, сендер ақ қоянның тапсырмаларын өте жақсы орындадыңдар.

Енді ақ қоянға арнап ән айтып берейік.

«Сұр қоян» әні.

-Балалар, ақ қоян сендерге риза болды.

-Балалар, бізге кім келді қонаққа?

-Ақ қоян.

-Ақ қоянның қолында несі болды?

-Түрлі-түсті шарлар.

-Шарлардың тапсырмаларын орындадық па?

-Тапсырма орындадық, ойындар ойнадық.

-Бүгінгі іс-әрекетіміз сендерге ұнады ма?

-Сендер іс-әрекетке өте жақсы қатыстыңдар, бәріңе көп рахмет.

Жақсы қатынасып отырған балаларды мадақтау.



